

## БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

## Жылдамдықты табуға берілген есептер

ЖАРИЯЛАНДЫ  
31.01.2018СІЛТЕМЕ  
<https://bilimgger.kz/27470/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

## Жылдамдықты табуға берілген есептер

Математика 4 сынып

Мемо әдісі арқылы еске түсіру

$60 \cdot 80 =$

$90 \cdot 90 =$

$70 \cdot 400 =$

$70 \cdot 40 =$

$70 \cdot 70 =$

$90 \cdot 900 =$

$200 \cdot 80 =$

$700 \cdot 50 =$

$30 \cdot 600 =$

$60 \cdot 900 =$

$300 \cdot 90 =$

$800 \cdot 70 =$

Жасырын сөзді тап ойыны.

Сандарды кему ретімен жаз

д ————— а ——— ж ————— ы ————— м ————— қ ——— л ——— д — ы

120 м — 149км — 2720 км — 920км — 70 км — 90м — 600 км — 150км — 98м

Ой сергіту

1. Велосипедші 3 сағатта 20 км/сағ жылдамдықпен қанша километр жол жүрді?
2. 7м/с жылдамдықпен жүгірген спортшы 14 секундта неше метр жүгіріп өтеді?
3. Ит 15м/с жылдамдықпен жүгіреді. 8 секундта неше метр қашықтықты жүгіріп өтеді.
4. Автобус 68км/сағ жылдамдықпен 4 сағат жүрді. Осы уақытта қанша километр

қашықтықты жүреді.

5. Саяхатшы 10 минутта 92 м/м жылдамдықпен неше метр жол жүреді?

6. Спорт машинасымен жарысушы тас жолда 78 км/сағ жылдамдықпен қозғалады. Ол 2 сағатта қандай қашықтықты жүріп өтеді?

7. Велосипедші 2 сағатта 45 км/сағ жылдамдықпен неше километр жүреді?

8. Мотоциклші 30 км/сағ жылдамдықпен 5 сағатта неше километр жүреді?

Сергіту сәті

Автокөлік 320 км жолды 4 сағатта жүріп өтті. Автокөлік қандай жылдамдықпен қозғалды?

Жаяу жүргінші 520 метр жолды 8 минутта жүріп өтті. Ол қандай жылдамдықпен жүрді?

Топпен жұмыс. Постер қорғау Жылдамдық» тобы: Үйден кітапханаға дейінгі арақашықтық 1800 м. Осы арақашықтықты оқушы 30 минутта жүріп өтті. Ол қандай жылдамдықпен жүрді?

«Уақыт» тобы: Жүк машинасы 200 км жолды 4 сағатта жүріп өтті. Оның қандай жылдамдықпен жүргенін тап.

«Қашықтық» тобы: Мотоциклші 120 км арақашықтықты 2 сағатта жүріп өтті. Ол қандай жылдамдықпен жүрді?

«Кім алғыр?» ойыны джигсо әдісімен тексеру

Шарты: кестеден математикалық термин сөздер шығару

Сандарда әр разрядтың неше бірлігі бар екенін айту

Логикалық тапсырма

Үш дос — Алмас, Қанат және Серіктің әрқайсысының сұр, қара және сары мысығы бар. Алмас пен Қанаттың мысықтарының түстері қара емес. Алмастың мысығының түсі сұр емес. Балалардың әрқайсысының мысығының түсін тап.

«Иә — жоқ» математикалық диктанты

«Жылдамдық» тобы

1. Екі жағы шектелген түзу сызық сәуле.

2. Қанша созса да, ешқашан қиылыспайтын параллель түзулер.

3. 2 класс бұл миллиондар класы

4. Ауданын табу үшін ұзындығына енін көбейтеміз.

5. 10 бірлік мың=100 000

6. Жылдамдықты табу үшін  $V = S : t$  формуласын қолданамыз.

«Уақыт» тобы

1. Жылдамдықты табу үшін қашықтыққа уақытты көбейтеміз.

2. Уақыттың өлшем бірлігі сағат.

3. 3 класс бұл мыңдар класы

4. Тіктөртбұрыштың қарама — қарсы қабырғалары бір — біріне тең.
5. 20 ондық мың= 20 000
6. Жылдамдық — уақыт бірлігінде жүріп өткен қашықтық «Қашықтық» тобы
1. Қиылысу кезінде тік бұрыш құрайтын перпендикуляр түзулер.
2. 1 км де 10 000 метр бар.
3. 1 класс бұл мыңдар класы
4. Квадраттың барлық қабырғасы тең.
5. 30 жүздік мың= 300 000
6. Жылдамдық V әрпімен белгіленеді.

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.